

## **Батыс Қазақстан облысының кейбір елді мекендерін тарату туралы**

Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 1 шілдедегі N 28-10 шешімі және Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2006 жылғы 28 ақпандағы N 85 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 2 тамызда N 2971 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңдарына сәйкес және Шыңғырлау ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 17-6 " Белогор селолық округінде орналасқан 2-я Пятилетка және Қарағаш селолық округінде орналасқан Ақши елді мекендерін тарату туралы" және Бөрлі ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2005 жылғы 8 қарашадағы N 21-4 және N 36 "Аңқаты айырық жолын ( разъезін) тарату туралы" бірлескен шешімдері негізінде облыстық мәслихат пен ә к і м д і г і

### **Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Тұрғындарының көшірілуіне байланысты Бөрлі ауданының Аңқаты айырық жолы және Шыңғырлау ауданының 2-я Пятилетка, Ақши ауылдары таратылсын.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облыстық мәслихат хатшысы*